

ҮҚ	Қазақ тілі 09.11.01.2024
<i>Міндеті</i>	Міндеті: Балаларға қар туралы мәлімет беру. Қыста болатын табиғат құбылыс қармен таныстыру арқылы, түстер тақырыбын қайталау. Табиғатты тануға деген қызығушылығын, балалардың туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру. «Кім жылдам» ойынын ойнату. Түстерді жылдам ажыратуға, карточкалардан таба білуге үйрету. Сөздер: қар, ақ, қара, сұры.
Көрнекіліктер	Қыс мезгілі туралы слайд, демонстрациялық материалдар, кима және үлестірімді материалдар
Мотивациялық-қозғаушылық	Қол алысып, көне, біз, Достасайық бөріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шенберге. Қандай жақсы бір тұру, Қандай жақсы дос болу!
Ұйымдастыру-шылық-іденушілік	Балалармен қар, қыстың қызықтары туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен қыс қызықтары мен қар туралы әңгімелесеміз. Өткен «Қыс» тақырыпты қайталау. Ойын: «Алтын сақса». Балалар сақаны бір-біріне береді. Сақаны қолына алған бала тақырып бойынша сөз, сөйлем айтады. — Қыс жыл мерзімі. — Қыста жаңа жыл тойлайды. — Қыста аққала жасаймыз. Жаңа сөздермен таныстыру. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттегі балалардың іс-әрекетіне көңіл аудару. Сұрақ қоя отырып, таныс сөздерді қайталау және жаңа сөздермен таныстыру. -Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? -Жыл мезгілі – қыс. -Мынау не? -Мынау – қар. Ақ-ақ – ақ қар. -Қардан не жасаймыз? -Аққала жасаймыз. -Мынау – сырғанақ. -Мынау не? -Мынау – сырғанақ. -Балалар сырғанап жүр. — Балалар не істеп жүр? — Балалар сырғанап жүр. — Шамамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр. — Немен сырғанап жүр? — Шамамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр. — Бұлар – қыс қылығы. Балалар таныс және жаңа сөздерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу Қ-к-к-к-ка – қар. Қ-к-к-к-нақ-нақ – сырғанақ. Сергіту сәті. Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді : 09.01.2024 ж

Әдіскер:  А.Ж.Жумашева